

**Ақмола облысы
Біржан сал ауданы
Мақпал негізгі орта мектебі**

«Кыздар арасында»

(кеңес беру)

**Мектеп
психологы: С.Е.Бостанова**

Қыздар арасында

(дәріс, кеңес)

Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу ананың және барша қауымның міндепті. Халқымыз «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара құннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Яғни қыз бала тәрбиесіне тек қана анасы ғана жауапты емес, бүкіл ауыл, ру жауапты болып отыр.

Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу — халқымыздың игі дәстүрлерінің бірі. Ал, қазіргі заманда бала тәрбиесіне тек қана ана емес, радио мен теледидар, газет-журнал, кітаптар мен кинолар, барлар мен дискотекалар жан-жақты әсер етіп, оны тәрбиелеуде. Бұл тәрбиенің жағымды жақтары да, жағымсыз жақтары да толып жатыр. Ата-аналары күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт күннен-күнге азайып барады.

Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым-қатынасқа тәрбиеленген қыздар ертең еңбек еткенде жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөлнері сөзсіз. Қыздардың бірі жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да жуас, енді бірі өткір де өжет.

Бастауыш сыныптағы қыз бала ұқыптылыққа, тазалыққа, үлкенді және достарын сыйлауға, мектепте өзін-өзі ұсташа тәрбиеленсе, 5-8 сыныптар аралығындағы қыз балалар тәрбиесі алғашқы кезеңдегі тәрбиені жалғастырады. Қыздардың міnez тұрақтылығын қалыптастыра отырып, инабаттылыққа, әдептілікке, ізет пен мәдениеттілікке тәрбиелеу қажеттілігі тууда.

Ерте жүктілік

Ерте жүктілік неге әкеп соқтыруы мүмкін? Қыз баласы физиологиялық тұрғыдан ана болуға әлі дайын емес уақытындағы ерте жүктілік ауыр асқынуларға әкеліп соқтырады.

Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.

Ерте жүктілік немен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіpte жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға

Улкен жүктеме артылады. Бұның қындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Жасөспірімдер көптеген себептерді шешуге әкеледі деп үміттенетін жыныстық жақындық мүлдем жағымсыз салдарға әкеледі. қарым-қатынастардағы махабbat пен жыныстық қатынастың рөлін толық түсінбейтін адамдар арасындағы интимдік байланыс олардың екеуіне де улкен зиян келтіруі мүмкін. Ерте жыныстық қатынас әрқашан адам денсаулығына, ең алдымен ұрпақты болу денсаулығына кері әсер етеді.

Ерте жүктілікті алдын алу үшін кеңестер:

1. Ерте жыныстық қарым қатынасқа түспеу;
2. Жыныстық қарым қатынасқа түскен кезде де қорғану;
3. Ерте жүктілік пен жыныстық қарым қатынастың зияны жайлы көбірек ақпарат алу;
4. Улкендермен ақылдасу/сөйлесу;

Жыныстық қатынасқа түсіп, ерте жүкті болған кездің өзінде қолдау бар екенін ұмытпандар! Көмек, кеңес сұрауға қорықпандар!

Психологиялық жұмыстың жүргізілуі туралы хаттама.

Жұмыстың түрі мен өткізу формасы .

Күні: 18.03.2019 жыл

Тақырыбы: Қыздар арасында (дәріс, кеңес)

Мақсаты: Қыз баланы тәрбиелеу, құрметтеу, ізет білдіру туралы жалпы кеңес беру. Қыз балаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірдегі болашақ ана ретіндегі міндеттері туралы, сонымен қатар, қыз балаларға қандай қылыштардың ересі екені туралы түсінік беру.

Катысқандар саны: 24 оқушы

Сыныбы: 8-9 сыныптар

- 1. Жүргізу барысы:** Ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу анының және барша қауымның міндеті екенін айта отырып, қыз бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлу керек екендігін ескерту.
- 2. Қорытынды:** Жалпы «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара құннен тыю» деген мақалға қаншама философиялық ой сыйғызған. Қыз бала тәрбиесіне тек қана аныс ғана жауапты емес, білім ордасындағы оқытушылар жауапты болып отыр.